



БҰЙРЫҚ

2023 ж. 23 мамыр

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 184

город Астана

**2023 жылға арналған аукциондық
сауда-саттықты өткізу графигін
және 2024-2027 жылдарға арналған
аукциондық сауда-саттықты өткізу
жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен бекітілген Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 2023 жылға арналған аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес аукциондық сауда-саттықты өткізудің 2024 - 2027 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті:

1) осы бұйрықты жергілікті атқарушы органдардың, жүйелік оператордың және энергия беруші ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы бұйрық бекітілген күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



А. Сәтқалиев

054754